

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

Вакциналаудың екінші кезеңі басталды

Бүгінгі күні әлемді жайлаған коронавирус індетін жұқтырғандар саны 112 млн-ға жетіп, 7 миллионнан астамы өмірден өткен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының деректеріне сәйкес, аталған инфекцияның салдарынан жаһандық экономика 3,5 тең 7 миллиард долларға дейін қаржы жоғалтты.

ГҮЛМИРА МЕРАЛИНА

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттер, солардың қатарында Қазақстан Республикасы да бар коронавирусқа қарсы 200-ден астам түрлі вакцинаның үлгілері ДДҰ-ға ұсынды. Оның ішінде ағымдағы жылдың 1 ақпанынан бастап елімізде қолданысқа енген Мәскеудің Н.Ф. Гамалей атындағы ғылыми-зерттеу орталығындағы академик А.Гинзбургтің басшылығымен толық сынақтан өткен «Спутник V» вакцинасын атауға болады. Дамыған елдердің өздері қызығушылық білдіріп отырған бұл вакцина Ресей мен Қазақстан арасындағы үкіметтік келіссөздер нәтижесінде біздің елімізде өндірілуде. «Спутник V» вакцинасы өндірістік және технологиялық процесі «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС базасында жолға қойылды.



аурулардың стандартты анықтамалары», «Қолданыстағы иммунизация» және т.б. кітаптарының авторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық екепелер күнтізбесін жасауға өз үлесін қосқан республикаға танымал эпидемиология саласының білікті маманы С.Ә. Әміреев.

Сондай-ақ осындай әрекетті іске асырудың нақты мысалы ретінде кезінде адамзатқа өте көп

Вак-Корона» деп аталатын вакцина жасап шығарыпты. Қазіргі кезде соңғы, үшінші сынақтан өтіп жатқан вакцинаның (500-ден астам еріктілер қатысқан) жоғары спецификалық қорғаныс қалыптасқандығын жарияласа, үшінші вакцина – академик М.П. Чумаков атындағы орталықта, төртінші вакцина – Санкт-Петербург қаласының Л.Пастер атындағы микробиология және иммунология ғылыми-зерттеу институтының мамандары дайындауда.

Ал еліміздегі Қазақ аграрлық университетінің (Степногор қаласы) вакцинология халықаралық орталығы мен Биологиялық қауіпсіздік проблемалары (Отырар стансы) ғылыми-зерттеу институты және «NARUVAXO-19» эксперименталдық препараты М.Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығында сынақтан өтіп жатыр екен.

Бүгінгі күні коронавирус инфекциясына қарсы екіпін айналасында көптеген қарсылықтар болса да, өзінде оны тек инфекциялық стационар, жедел медициналық көмек, сондай-ақ КВИ ауруы жұқтыру қаупі жоғары басқа да медицина қызметкерлері алғашқы екеп салдыру кезінен ойлағандай аяқтады. Екпін жазбау тәрізе келісімді Egov mobile қосымшасында немесе тікелей емханада беріп, SMS-

хабарлама арқылы шақырту алады.

Алматы қаласының №1 емханасында екеп алғандардың арасында Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аса қауіпті инфекциялар мен туберкулезді қадағалау бөлімінің басшысы, дәрігер-эпидемиолог С.А. Қауметбаевпен жолығып қалдық. Әуегіме барысында республикаға танымал эпидемиолог, «Спутник V» және «QazCovid-19» екепелеріне сенімділікпен қарайтынын айтты.

Емхана мамандары екеп алған адамдарға бұл процедураны 21 күннен кейін қайталау керек екендігі туралы жана SMS-хабарлама жібереді. Ол хабарламада қай күні және қай уақытта алу керектігі көрсетілген.

Дәрігерлер екеп алғаннан кейін алғашқы күні дене температурасы көтеріліп, екеп салынған жерде қызару мен ісіну, денеде асіділік пен қалтырау болатындығы қалыпты құбылыс екендігін атап өтті. Келушілердің беттерде тағуы, әлеуметтік арақашықтық сақтауы қадағалануда. Емханада имундау жүргізетін салқындату құралдары бар жеке вакциналау кабинеттерімен жабдықталған. Екеп салдыртқандар 30 минут дәрігерлердің бақылауында болуы үшін жеке бөлмелер де қарастырылған.



Бұл вакцина векторлық принцип негізінде жасалынған. Ғалымдар вакцина коронавирус инфекциясының көбеюін тоқтатуға және эпидемиологиялық жағдайды түзетуге көмектесетінін айтады. Сондықтан бар үміт вакцинада, – дейді Қазақстанның үздіксіз медициналық білім беру университетінің профессоры, 2 томдық «Эпидемиология», «Жұқпалы және паразитарлық

қындық тудырған шешек (қара шешек), полиомелит инфекциялары да әлем халқының 98,5%-ы екеп алғаннан кейін біржола жойылғанын (эрадикацияланды) жеткізді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Әміреудың мәлімдеуінше, екінші вакцина Новосібір қаласындағы «Вектор» ғылыми – практикалық орталығы «Эпи-

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Биыл үй бағасы өсе ме?

немесе қаладағы пәтер нарығына әсер ететін басты факторлар

> [11]

Банк басшысының таныстыруынан көрініп тұрғандай, сатылатын тұрғын үйдің бағасы бір шаршы метр үшін әзірге шамамен 300 мың теңге болады.

Бұған дейін Ләззат Ибрагимова зейнетақы қоры салымшыларына «тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақты алуға асықпаныңдар» деген болатын. Мамыр-маусым айларында тұрғын үй бағасы былтырғы деңгейге қайта түсетінін де айтқан еді. «Бұл – әрине, сатушының нарығы. Кісілер сұранысқа не пәтер үшін көп ақша алғысы келеді. Меніңше, күте тұру керек, нарық сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына қарай келеді. Менің ойымша, мамыр айының ортасында, маусым айында сіз бағанан 2020 жылғы деңгейге түсетінін көресіз», – дейді Л. Ибрагимова.

Дегенмен кейбір сарапшылардың 2021 жылға арналған болжамы пәтер сатып алушылардың көңілін көңілсізтейді. Халықтың зейнетақы жинағын алып, жылжымайтын мүлікке инвестициялауы үй нарығына әсер етеді дейді. Ипотекалық бағдарламаны жүзге асыру процесі де ықпалын тигізеді деген болжам бар.

Сыртқы фактордың есебінен де үй бағасы өсуі мүмкін. «2021 жылы



экономиканы өсіруді ынталандыру мақсатында көп ел инфрақұрылымға салымды молайтады, бұл бағанын өсуімен бірге шикізат пен материалдың бірқатарына сұраныс туғызды», дейді сарапшылар. Әрине, мұның бәрі Қазақстандағы жылжымайтын мүлік бағасына әсерін тигізбей қоймайтыны белгілі.

Дегенмен үй бағасы жаға қарай түседі деп отырған сарапшылар да бар. Мәселен, Біріккен ризиторлар қауымдастығының президенті Л. Степаненко: «Менің ойымша, 2021 жылы жеке сектор, оның ішінде саяжай мен 30 шаршы метрге дейінгі пәтер сұранысқа не болады. Ал баға түсе ме, өсе ме дегенге келетін болсақ,

біздің нарық қазір ұсынысқа толы тұр, сондықтан үй сатушы жұрт нарықты қалай ұстап тұрғысы келсе де, жылжымайтын мүлік бағасы бірте-бірте түсе береді», – дейді.

Болжам жасау – калісіз дүние, әйткенмен ендігі бір жақын екі-үш айда үй нарығының бағыты айқындалып қалатын секілді.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

FitchRatings

Fitch Ratings несиелік рейтинг тұрақты дейді

Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Қазақстанның кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде, болжам «тұрақты», деп растады. Агенттіктің пікірінше, Қазақстанның тұрақты рейтингі елдің экономикасы жоғары деңгейдегі бекемдігімен айқындалады.

Рейтингтік агенттік пікірінше, мұнайға бағалардың айқынсыздығына қарамастан және әлемде коронавирус індетінің жайылуына байланысты да, елде бастан кешіп отырған және болжым сыртқы өсендіретулерді жұмсартуға қажетті мемлекеттік қарыз бен қазынашылық резервтердің айтарлықтай ауқымының төменгі деңгейі сақталып отыр.

Fitch рейтингтік агенттігі нақты сектордың, соның ішінде 2020 жылы ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге өңдеу өнеркәсібін, құрылыс пен ауыл шаруашылығының рөлін атап көрсетті. Агенттіктің бағалауына, 2021 жылы экономика өсімінің қарқыны 3,5%-ды құрайды.



Satbayev University рейтингте ілгеріледі

Ranking Web of Universities (Webometrics) 2021 әлемдік рейтинг жариялаған, онда біздің елімізде үздіксіздік нұсқасы «Политехникалық институт» атауымен әйгілі Satbayev University 3783-орын иеленіпті.

Осынау жаһандық рейтингке Қазақстаннан 125 ЖОО енген. Алғашқы үш орынды әдеттегідей көпбейінді университеттер иеленіпті.

Satbayev University жалпы қазақстандық рейтингте 4-інші орын алған. Тіптіңше, ҚР-дағы техникалық бағыттағы ЖОО-лары арасында – бірінші орында. Ал, бұл өсі жоғары оқу орынын Қазақстандағы нөмірі бірінші техникалық ЖОО екендігін тағы бір мәрте айқың дәлелдеп отыр.

Айта кету керек, Webometrics Ranking of World Universities, бұл – Мадридте орналасқан, испандық Ұлттық зерттеу кенесінің (CSIC) Cybermetrics Lab зерттеу тобы жариялап отырғаны, әлем университеттерінің жаһандық академиялық рейтингі. Рейтингтің мақсаты – ғылыми-зерттеу институттарының интернетте орналастырылуын арттыру және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жақсы жариялап отыруға ықпал ету. Бұл рейтинг 2004 жылдан бастап жарияланып отырады және әр жылдың қантары мен шілдесінде жанартылып тұрады.



Әуе компанияларына Boeing 767 ұшақтары тексеру ұсынылды

АҚШ Федералдық азаматтық авиация басқармасы, Колорадо штатындағы тұрғын үйлердің маңайына Boeing 777 лайнерлері бірінші қаптамасы бөліктері шашылып түскеннен кейін, шұғыл түрде ұшақтарға тексеру жүргізілді тапсырылды. Соған соң тіггі Boeing компаниясы әуе компаниялары Pratt&Whitney PW4000-112 қозғалтқышты 777 маркалы ұшақтардың ұшуына тыйым салуды ұсынды.



Қазақстандық әуе компаниялары да өз флоты құрамындағы Boeing 767 ұшақтарын тексеретін болады. Бұл туралы «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ Бас директоры Питер Гриффитс мәлімдеді.

Оның айтуынша, Қазақстанда Boeing 777 ұшақтары жоқ. Республика әуе флотында Air Astana және SCAT компаниялары еншісіндегі Boeing 777 ұшақтары бар екен. «Олар Pratt&Whitney емес, Rolls-Royce қозғалтқыштарымен жаратандырылған. Екі әуе компаниясының да инженерлеріне орын алған оқиға туралы ақпарат жеткізілді, оларға ықтимал жайсыз жағдайлардың алдын-алу мақсатында тексерулер жүргізу бойынша тапсырма берілді», – дейді Питер Гриффитс.

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

ЦИФРЛЫ ИНДУСТРИЯ

> [11]

Ал тосыннан келген индент-интеллектуалды технологияларын мемлекеттік бағдарламалар қабылданған елдерде ғана емес, сонымен қатар оны дамытудың бірінші саясаты жоқ елдерде де енгізуге түрткі болды. Төтенше, карантиндік жағдайларда төртінші өнеркәсіп элементтері күтпеген өзгерістерге тез бейімделудің қолайлы әдісіне, бәсекелестік аясында өмір сүрудің тиімді құралына айналды. Өндірісті тоқтатпауға, кәсіпорындардың ел экономикасында өз позициясын онтайлы деңгейде сақтап қалуына мүмкіндік берді. Пандемия жағдайында озық технологиялар қашықтықтағы коммуникацияны қамтамасыз етіп, өндірістік процестерге адамның араласуын барынша төмендетті. «Ақылды» технологиялар рөлі кәсіпорындардың үдерістерін қашықтық режиміне қысқа мерзімде қайта бағдарлауға айқындала түсті. Үлкен деректерді талдау, сенсорлы жабықтар операциялық жұмыстарды барынша тез және онтайлы жүргізіп,



Төртінші өнеркәсіп тұжырымы

уақытылы әрекет етуге, өндіріске түзетулер енгізуге қол жеткізді. Өкінішке қарай, цифрлық технологиялар ең бау қолданған компаниялар қиындыққа душар болып, технологиялық дамудың артта қалу қаупімен бетпе-бет келді. Пандемиядан цифрланбаған өндірістік процестерінің үлесі жоғары салалар көп зардал шеккені мәлім.

қашықтықтан басқаруға мүмкіндік береді. Компанияда өндірістік процестерді цифрландыру үрдісі үлкен нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жол ашты. Пандемия кезінде ерекше өзектілік танытқан цифрлық шешімдер компанияда 2017 жылдан бастап сәтті жүзеге асырылып келеді. Қысқа уақытта цифрлық технологиялар бизнес-процестерді,

қатысуымен нақты уақыт режимінде тиімділікті жоғалтпай жүргізілді. Өнеркәсіпте жасанды интеллект қолдану тиімділігін арттырды. Топ кәсіпорындарының бірі – Аксу феррокоритта зауытында балқыту процесі мен пештің жағдайын басқару үшін жасанды интеллект енгізілді. Догалы болат балқыту пешінің сандық

және дәл технологиялық шешімдер қабылдауға көмектеседі. Мыназысы, Индустрия 4.0 технологияларын қолдану өндірістің өте зиянды және қауіпті салаларында жаракаттар мен кәсіби аурулардың деңгейін төмендетудің тиімді әдісі болып табылады. Осыған орай цифрлық шешімдерге назар аударатын, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелеріне түзетулер енгізілді. Мысалы, шахтерлерге арналған позициялау жүйесін қолдану барлық уақыттағы диспетчерге және объектінің командалық пунктіне ақпаратты жедел жібере отырып, барлық тау-кен жұмыстарында адамның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ балқыту немесе күйу өндірісі сияқты аса қауіпті жерлерде өндірістік роботты пайдалану арқылы өндірістік жаракаттың алдын алуға болады.

Индустрия 4.0 жұмысшылардан түбегейлі жаңа дағдыларды талап ететіндіктен, кейбір жұмыстар, негізінен бірсырынды қол еңбегі уақыт өте келе жоғалып, жаңа мамандықтар пайда болады. Компаниялар персоналды цифрлық технологияларды үйренуге және қайта даярлаудың кейін жаңа жұмыс орындарына ауысуға жағдай жасайды. Мысалы, ірі фармацевтикалық компания «Химфарм» АК модельдік цифрлық фабрикалар арасында қоспашы цифрлық, инженерлік-техникалық білім беру орталығын ашты. Онда кәсіпорының қызметкерлерін, колледж бен университет студенттерін сандық өндіріс технологияларына үйрету, орталықты 3D-мен жабықтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Химфарм» компаниясы өндірістің тиімділігін және бизнес-шешімдерді қабылдау жылдамдығын арттыруға мүмкіндік берген біртұтас цифрлық шешімдерді табысты жүзеге асырды. Машина жасау саласындағы «Maker» ЖШС өндіріс процесін жобалаудан өндіріске дейін толықтай автоматтандырды. Сол секілді «Промашкомплект» ЖШС қатты прокат теміржол дөңгелектерін шығарудың толық циклді жоғары технологиялық автоматтандырылған кешенін іске қосты. Жаһандық өндірістік тізбектерге интеграциялану процесі туралы айта отырып, Онтүстік Кореяның «POSCO» компаниясымен бірлесіп «POSLUK Titanium» ЖШС бірлескен кәсіпорын құрған Өскемен титан-магний комбинатында ерекше атап өтуі қажет. Қазіргі уақытта бұл кәсіпорында өндірістің барлық сатыларын автоматтандыру және бақылау бойынша жоба жүзеге асырылуда. Бұл кейіннен ірі кеме жасаушы компанияларға сату үшін шығарылатын өнімге расталған өндірістік паспорты бар электронды сертификат беруге мүмкіндік туғызады.

Жалпы, жаңа технологиялар арқылы әлемдік өндіріс тізбегіне ену процесі «Made in KZ» брендінің танымал арттырумен қатар, салаға жаңа инвестициялар тартуға да ықпал етеді.



Бүгінде заманауи ақпараттық технологиясыз тиімді өндіріс ойға келмейді. «Ақылды» өнімді енгізу экономиканың басым секторлары мен кәсіпорындарын дамыту үшін өте қажет. Сондықтан өнеркәсіптік кәсіпорындар төртінші өнеркәсіп элементтерін толық көлемде енгізу жобаларын жалғастыруда. Еліміздің көптеген кәсіпорындары өндірісті басқарудың онлайн режиміне ең аз шығынмен көшуінің бірде бір шешімі – цифрлық технологияларды өндіріске қарқынды енгізе бастады. Бұл ретте экспортқа бағытталған, жоғары қосылған құны бар, яғни тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, химия өнеркәсібі, фармацевтика кәсіпорындары цифрландыру жоспарларының басымда түр. Бұл түсінікті де, өйткені олардың өнімдерінің халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігі өндіріс тиімділігіне тікелей байланысты. Бұл салалардағы кәсіпорындарда цифрландыру жобаларын жүзеге асыруға жеткілікті ресурстар бар. Сәйкесінше, Индустрия 4.0 технологияларын отандық өндірістерге енгізу мен қолданудың көптеген мысалдарын атап өтуге болады.

Қазақстандағы танымал алтын құймаларын өндіруші «Алтын алмас» АК Ақтоғай филиалының алтын өндіру фабрикасына жасанды интеллект енгізу ұнтақтау процесін технологиялық үдеріс пен үлкен деректерді басқарудың болжамды негізінде нақты режимде

кәсіпшісі де аталатын жоба алтыншы бақыту шеңберінде жүзеге асырылды. Ноу-хау бригадирлерге ағартатын техникалық құралымның жедел анықтау және өндірістігі шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін құрылғы технологиялық шешімдер қабылдауға көмектесуі арналған. Цифрлық кәсіпшісі зауытта сегіз айдан бері қолданылып келеді. Бұл ретте жұмыс математикалық модельдер негізінде жүріп, компоненттерді араластыру процесі талданады, бригадирге кенестер беріледі, металды балқыту процесін онтайландыру үшін қоспалардың қашан және қандай құрамын қолдану керектігі айқындалады. Осылайша, жасанды интеллект бірнеше есе тез



НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АТЫРАУ ӨНІРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Атырау облысында балық өндірісін 2030 жылға қарай 15 мың тоннаға дейін арттыру көзделіп отыр. Бұл туралы өңірде балық шаруашылығын дамыту жөнінде өткен кеңес барысында айтылды. Балық шаруашылығын дамытудың өнірлік бағдарламасы аясында 2030 жылға қарай Каспий теңізі есебінен кәсіптік балық аулау көлемін 13 мың тоннадан 25 мың тоннаға, ал балық өнімдерінің экспорттан 6 мыңнан 25 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланған. «Биыл Атырау облысында жұмыс істеп тұрған шаруашылықтар 10 мың тонна тауарлы балық өсіруді жоспарлап отыр, бұл – өткен жылға қарағанда 1,5 тоннаға артық. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр», – деп экология министрлігі балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Нариман Жүнісов.

Кенесте аквациентті дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алағы межелер туралы айтылды. «Мемлекет басшысының Жолдауында еліміздің балық шаруашылығын дамытудың маңызды ерекше атап өтілді. Жүйелі шаралар қабылданған жағдайда елімізде балық өсіру көлемін 600 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Сондай-ақ балық экспортын 300 мың тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Белгіленген жоспарларды тиімді іске асыру үшін министрлік жанынан салаалық комитет құрылды, ол бірінші кезекте халықты сапалы әрі қолжетімді балық өнімдерімен қамтамасыз ету және елде балық шаруашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін шаралар қабылдайтын болады», – деп кенеске қатысқан экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағұм Мырзағалиев.

Министр еліміздің балық шаруашылығы саласында Атырау өнірінің алатын орны ерекше екендігіне назар аударды. «Қазақстанда ауланатын балықтың 30 пайызға жуығы осы облысқа тиесілі. Каспийге құятын екі ірі балық шаруашылығы су айдындары – Жайық пен Қиғаш өзендерінде 20 табиғат пайдаланушы өз кәсібін жүргізіп отыр», – деп ол.

Айта кетейік, ведомство басшысы өңірде жаңа Экология кодексінің нормаларын түсіндіру мақсатында жұмыс сапарымен болды.

ЕНБЕК НАРЫҒЫ

ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АШЫЛАДЫ

Қарағанды облысының колледждері еңбек нарығында сұранысқа не жаңа мамандықтарға оқитыды.

Осы орайда білім беру саласының дамуына арналған аппараттық кеңесте білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова: «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында талап етілмеген мамандықтарды жабу және жаналарын ашу бойынша жұмыс жасауда. Биыл Саран қаласында автобустар мен арнайы техника шығаратын зауыт және автомобиль шиналарын шығару жөніндегі жоба іске асырылды. Осыған байланысты екі колледж базасында «Шиналар өндірісі», «Резенке техникалық өндірісі», «Дөңкерлеу ісі» мамандықтары бойынша дайындықты бастаймыз. Сонымен қатар жаңа оқу жылында тағы да әлеуетті он мамандық ашу жоспарланып отыр», – деп хабарлады.

Облыс колледждерінде жылжымалы шаруашылық, жанарғылы энергетика, құрылыстағы цифрлық жобалау және модельдеу, газбен жабықтау жұмыстары мен жүйелерін монтаждау және пайдалану бойынша мамандарды оқыту жоспарланып отыр. Өңірдегі он бес колледж «Жас маман» жобасына көлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, сервис және т.б. бағыттау бойынша қатысады. Олардың бірінші базасында жаттығу лагерін құру көзделген. Жылы соңында бірінші осындай сәтті орталық ашылды. Сондай-ақ 39 колледж базасында жұмыс орналастыру және мансап орталықтары құру жоспарланған.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА

БАЛАМА ҚҰАТ КӨЗДЕРІ ӨСТІ

Елімізде өндірілетін «жасыл» энергияның шамамен 20 пайызы Жамбыл облысының үлесіне тиесілі. Үкімет отырысында Жамбыл облысы әкімі Бердібек Сапарбаев өңірде жанарғылы энергия көздерін дамыту Жыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес жоспарды түрде жүзеге асырылып отырығанын айтты. Қазіргі күні облыста баламалы қат өндірумен 16 нысан айналды. Оның бесеуі су, алауы жөл және бесеуі күл электр станциясына тиесілі. Өткен жылы барлығы 318,4 МВт энергия көзін қамтыды. Қазіргі уақытта бұл республикалық қорықтатылған шамамен 20 пайыз құрап отыр. Жалпы облыс аумағында 2,5 млрд кВтсағ электр энергиясы өндіріледі, оның 24 пайыз жанарғылы энергия көздері арқылы өндіріледі. 2019 жылмен салыстырғанда, бұлтты жанарғылы энергия көздері 47 пайызға өсті.

Қазір өңірде екі жел, екі су электр станциясының құрылысы жүріп жатыр. Олардың мүмкіндігі қосымша 96,7 МВт энергия қуатын береді. Облыс басшысы осы 4 нысанның іске қосылуынан нәтижесінде, 2022 жылғы өңірде жанарғылы энергия көздері арқылы өндірілетін электр энергиясы 415,1 МВтқа жеткізілетін атап өтті. «Жоспар бойынша 2025 жылға дейін қосымша тағы 4 станцияны іске қосуды жоспарлап отырмыз. Сонда қосымша 218 МВт энергия өндіретін боламыз. Тартылатын инвестиция 96 млрд теңгеге құрайды. Қосымша 845 жұмыс орны ашылады», – деп облыс басшысы.

Рынтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ЕНБЕК НАРЫҒЫ

Уақытша жұмыс істемейтіндер саны екі есе артқан

Өндірістің тоқтап қалуы жұмыспен қамтылуды қиындата түскен: ірі және орта кәсіпорындардың тоқтап қалуға мәжбүр болуы себебінен уақытша жұмыс істемейтін қазақстандықтардың саны өткен жылы бірден екі есеге өскен. Уақытша жұмыс істемейтін мәжбүрлердің жартысы еліміздің үш аймағында ғана: Алматы қаласы, сондай-ақ Маңғыстау және Алматы облыстарында қоныстанғандар екен. Бұл туралы Finprom.kz өз сайтында жазады.

ИСА ҚАМБАР

2020 жылдың төртінші тоқсанында елдегі орта және ірі кәсіпорындарда өндірістің тоқтап қалуына байланысты 7,5 мың адам — бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 2 есе көбірек — жұмыс істемеген. Сонымен қатар, өткен жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда өндірістің ірілігі 1,5 есе қысқарса, негізгі карантиндік шектеулер үлесіне тиген, үшінші тоқсанда — 4,4 есе қысқарыпты.

Анықтама үшін айтар болсақ, «карантинге дейінгі» 2019 жылдың төртінші тоқсанында 3,8 мың адам елімізде жұмыссыз болған (1-инфографика).

Аймақтарға бөлгенде уақытша барлық жұмыс істемейтіндердің жартысы Алматы қаласының, сондай-ақ Маңғыстау және Алматы облыстарының орта және ірі кәсіпорындарында жұмыста болғандар екен. Нақ осы жерлерде, кәсіпорындарының тоқтап қалуы салдарынан, жұмыс істемеген қызметкерлер санының неғұрлым көбірек өсімі тіркелген. Мәселен, Алматыда соңғы жылда көрсеткіш 7,6 есе артса, яғни, 1,8 мың адамға дейін, Маңғыстау облысында — 5 есеге, 1,2 мың адамға, Алматы облысында — 4,4 есе, 813 адамға дейін артқан.

Уақытша жұмыс істемейтіндердің барлық аймақтардағы өсіміне қарамастан, кейбір облыстар мұндай жағдайдан аман қалған. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында көрсеткіштің 62,6%-ға, 174 адамға дейін төмендегені, Түркістан облысында — 19%-ға, 459 адамға дейін,

СЫРТҚЫ ФАКТОР

12-19 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 19 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы атта ішінде 0,2%-ға (418,86-ден) нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 417,97 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 12-19 ақпан аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. ФРЖ ашық нарық комитетінің мүшелері қантар айындағы отырысты қорытындысы бойынша облигацияларды сатып алуды қысқарту шарттары орындалмас бұрын уақыттың қажеттілігі туралы айтып, Қантарда АҚШ-тағы бөлшек сауда, өндірістің белсенділік және өндірушілердің бағалары туралы мәліметтер сарапшылардың күткенінен асып түсті. АҚШ Қаржы министрі жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне байланысты фискалдык және монетарлық ынталандыру қажеттілігі атап өтті. Үнталандыру шараларының топтамасын тез қабылдау бойынша күтулер аясында АҚШ МБК кірістілігі алғаш рет 2020 жылғы ақпандағы деңгейден асты.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендеудейі қалыптасты:

• Түрік лirasы инфляцияның желделуін күту кезінде ОБ-ның негізгі мөлшерлемесі қатарынан екінші рет 17% деңгейінде сақтау жөніндегі шешімі аясында 0,9%-ға (7,03-тен 6,97-ге дейін) нығайды;

Орта және ірі кәсіпорындарда өндірістің тоқтап қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін жұмыскерлердің саны (мың адам)




ҚР СЖЖРА Улттық статистика бюросының мәліметтері негізінде

Орта және ірі кәсіпорындарда өндірістің тоқтап қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін жұмыскерлердің саны, 2020 ж., төртінші тоқсан (адамдар)



ҚР СЖЖРА Улттық статистика бюросының мәліметтері негізінде


Орта және ірі кәсіпорындарда өндірістің тоқтап қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін жұмыскерлердің саны, 2020 ж., төртінші тоқсан (адамдар)



ҚР СЖЖРА Улттық статистика бюросының мәліметтері негізінде



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 5 ақпан =100, индексстің өсуі - валютаның нығаяуы)



ж/ж құралы) және желтоқсанда өнеркәсіптің өнірістің (қарашала құлдырағаннан кейін) 1%-ға өсуі аясында 0,2%-ға (72,76-ден 72,65-ке дейін) нығайды;

- Бразилия реалы АҚШ доллары бағамының жаңандық нығаяуы және АҚШ МБК кірістілігінің өсуі аясында 0,2%-ға (5,38-ден 5,39-ға дейін) әлсіреді;
- Ресей рублі АҚШ МБК кірістілігінің өсуіне байланысты ФҚО тартымдылығының төмендеуі аясында 0,6%-ға (73,64-тен 74,05-ке дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы ОБ-ның базалық мөлшерлемесі 3,5%-ға дейін (-0,25 п.т.) төмендеу туралы шешімінің аясында 0,7%-ға (13,973-тен 14,065-ке дейін) әлсіреді. ОБ айырбастау бағамы тұрақтандыру үшін валюталық интервенция жүргізуді;
- Оңтүстік Африка ранды АҚШ қазынашылығы облигациялары кірістілігінің өсуіне байланысты капиталды өкелетуі аясында 1%-ға (14,55-тен 14,69-ға дейін) әлсіреді;
- Мексика песосы АҚШ доллары бағамының жаңандық нығаяуы, сондай-ақ АҚШ-тың қорытпалық Техас штатындағы энергетикалық дағдарыс салдарында елде электр энергиясының өндірілуі проблемалар аясында 2,4%-ға (19,95-тен 20,43-ке дейін) әлсіреді.

* Шолуды Қазақстан Республикасының Улттық Банкі Ашық Дереккөздерінде негізінде атта сайын дайындады;

** АҚШ долларына қарағанда келімі жағиған неғұрлым көп сатпауындағы дамушы елдердің валюталары.

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Базадық мөлшерлеменің бүгінгі бәсі хақында

Пайда мен шығынның тайталасына төрелік ететін экономикада жалпылама ұғым жоқ, нақтылық басым. «Екі түрлі нәрсе бір ой сымбат» дегеніміз нақ осы. Өйткені, оның өзегі — өндіріс. Күндіз-түні бір тынбай тауар шығарып, тасы өрге домалаған осы өндіріс атаулы сонымен қатар инфляция мен дефляция, девальвация сынды «сауып ішер сүті жоқ», қолға ұстап, салмағын сезбейтін қаржылық құбылыстарға да себепкер болатыны бүгінде баршамаңызға аян. Өрісін шыарыл қоймаған Спыр жылның соңғы тәуліктеріндегі ақша-кредит нарығына көз салғанда ұлы Абайдың «қараша, желтоқсан мен сол бір екі айы» ойға оралады. Сол бір екі айы — қантар мен ақпан. Қаражат төңірегіндегі түбегейлі шешімдер нақ осы екі айда қабылданады. Осылайша алынған шешімдердің бірі — базалық мөлшерлемесі жылдық 9 пайыздық деңгейде сақтау жөніндегі ұйғарым.

Өткен жылғы соңғы шолуымызда «халықтың ақшалай нақты кірісінің өлсіз серпіні және күтіліп отырған әлемдік азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуі 2020 жылы инфляцияның өсуін шектеді. 2021 жылдың соңына таман инфляция 4-6 пайыздық нысаналы дәліздің жоғары шегіне қарау бауалады... инфляциялық үдерістер азық-түлік тауарлары бағасының жоғары өсуінің салқатуы, айырбастау бағамының баға белгілеу пролесторіне ауысуы әсері және ақшаны қызметкер инфляциясының желделуі аясында үдейді», деп жазған болатынбыз және осылайша баға тұрақтылығының елдегі әлеуметтік ауауалға әсерін баса еткенбіз. Былтыр бас банк дағдарысқа қарсы топтамаларды жалпы сомасы 2,3 триллион теңгеге дейін қаржыландырағанын, бұл пандемияға қатысты шараларды демеуге арналған үкімет қаражатының жартысынан көбін құрағанын айтқанбыз. Енді солармен бірге осы кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз етуді көздейтін жұмыстар жүргізілетін де атап өтуіміз керек. Мұның негізгі құралы базалық мөлшерлемесі болды. Уақытында қабылданған шаралардың арқасында инфляцияның онтайлы көрсеткішіне қол жеткізілді — экономикада он баға сақталып, теңгемен көрсеткілігін активтердің инвестициялық және жоғарылық тармақтарындағы қамтамасыз етілі. Инфляцияның қалыптасуына азық-түлік құнының өсуі үлес қосқанын айта кету керек. Өткен жыл тұтастай алғанда 2014 жылдан бері қарай бүкіл әлемде азық-түлік бағасының өсуі жағынан рекордтық көрсеткіш берді. Сөйтіп, бұл жағдай барлық елде азық-түлік инфляциясының желделуіне алып келді. Сонымен қатар, көп жағдайда монетарлық факторлар және ақша-кредит саясатының өтімділігіне өсер ететін еліміздегі инфляцияның азық-түлікке жапайтын бөлігі былтыр 2015 жылдан бері қарай көрсеткіштен төмен деңгейде қалды, ол 5,5 пайыз шамасында. Инфляцияның үдеуі бүкіл Еуразиялық экономикалық одақ елдері үшін ортақ үдеріске айналды. Ең үлкен өсім Қырғызстанда байқалды — ол 3,1 пайыздан 9,7 пайызға дейін немесе 6,6 пайыздық тармаққа жетті, ал ең аз — Қазақстанда — 3,4 пайыздан 7,5 пайызға дейін немесе 2,1 пайыздық тармақ болды. Бұл орайда еліміздегі инфляция тұтыну бағасының желделуінің өзінен қарап табылатын экономикамыздағы құрылымдық теңгерімділіктерін өсерінен де туындағанын атап өткен жөн. Азық-түлік нарықтарындағы баға бәсекелестік, шағын және орта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ірі сауда кәсіпорындарына қол жетімділігінің болмауы, тауар нарықтарындағы көлік-тарату инфрақұрылымының төмен деңгейі осыған алып келді.

Енді базалық мөлшерлемесі келесі. Ашығын айту керек, қазіргі уақытта сыртқы және ішкі инфляциялық қысым күшейіп тұр, азық-түлік бағасының одан әрі өсуі қауіп артты. Елде және әлемде коронавирус инфляциясының таралуына байланысты белгісіздік сақталып отыр. Міне, сондықтан да 9 пайыздық базалық мөлшерлемесі қазіргі деңгейі экономикадағы ақшаның құнын көрсетеді, ол инфляцияға қарсы қазіргі және болашақ төсекдерді теңестіреді, экономиканың қалпына келуі мен өсуінің алғашқы тартарын құрайды. Осы орайда кейбір сарапшылар тарапынан базалық мөлшерлемесінің кемітуі, сөйтіп несие құнын арзандату жөнінде ұсыныстар айтылып жүргеніне тоқтала кетейік. АІ, білікті мамандар болса қазіргі жағдайда Қазақстанда базалық мөлшерлемесі төмендетуі өзінің қысқа мерзімді өсерін ғана тигізеді, бірақ бұл қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіреді, деген орынды уәж айтады. Өйткені бұл жағдайда теңге құрадырының тартымдылығы кемиді, теңгеге қысым жүріп, девальвациялық күтулер күшейеді, депозиттер мен облигациялардың бағасы бәсекелестік, шағын және орта кәсіпорындарына қысқарыпты. Қаржы құрылымы үшін қосымша қиындық туғындайды, бұл сайын келген экономикамың жандандырып, несиелік ресурстардың құнын төмендетіп қана қоймай, керісінше, дағдарыстық құбылыстарды күшейтеді. Мысалы 2018-2020 жылдары Түркиядағы қаражат жағдайын желдетуде бағытталған ақша-кредит саясатын алайық. Онда инфляцияның, валюта бағамының және қаржылық тұрақтылықтың айқын төсектеріне қарамастан, екі жылда базалық мөлшерлемесі 24 пайыздан 8,5 пайызға дейін төмендетілді. Осыдан кейін елдегі инфляция қос танбалы санға дейін көтеріліп, лира тарихи максимумға дейін арзанды. Депозиттердің долларларын үдеп, елден қанитал шыға бастады, халықаралық агенттіктер Түркияның несиелік рейтингтерін төмендетіп жіберді. Нәтижесінде елдің орталық банк мөлшерлемесі 17 пайызға дейін көтеруге мәжбүр болды. Теңгерімісін ақша-кредит саясатының бұл тәжірибесінен сабақ алуымыз керек. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикамыңдағы нақты мөлшерлемесінің қазіргі мәні, яғни жылдық инфляция деңгейі алып тастағандағы номиналды базалық мөлшерлемесі 1,5 пайыз құрайды. Бұл біздің экономикамыз үшін нақты мөлшерлемесінің тепе-теңдік деңгейінен айтарлықтай, 3,3-3,7 пайызға төмен. Демек, экономикадағы нақты мөлшерлемесі белсенділіктің қалпына келуін ынталандыратындай деңгейде.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

СЕРПІН



Болашақ чемпиондарға тарту

Биылғы жылы Алматы қаласында 10 спорт кешені салынып, 52 орта мектептің стадиондарын жанарту жоспарда бар.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың халыққа есеп беру кезесінде мәлімдеген еді. «Біз қазір кешенді бағдарлама жасалды, яғни бұл — спорт кешендерін салу. Биылдың өзінде бюджеттің есебінен алты спорт кешені салынады. Бұдан бөлек жеке кәсіпкерлер де кешен соғып жатыр. Екіншінен, ашық алаңдар жасалынуа. Біз осы ашық алаңда балаларды спортпен шұғылдандыру үшін тәжірибелі жаттықтырушыларды шақырып жатырмыз», — деді қала басшысы.

ауданында, Медеу ауданының «Алатау» шағын ауданында, Түркісіб ауданындағы «Жас Канат», Жетісу ауданындағы «Кемел» және «Құлагер» шағын аудандарында орналаспақ. Сондай-ақ, Алатау ауданында жабымдық және ашық қортырғы бар теннис орталығының құрылысы жоспарланған. Құрылыс жұмыстары басталды, үстіміздегі жылы аяқталды деп күтілуде.

Балаларды тегін спорт секцияларымен қамтудау артыру үшін мектеп спорты фелариясымен бірлесіп қала мектептерінде спорт клубтарын ашу жұмыстары жүргізілуде. «Сұңқар» халықаралық шаңғы тремплині кешенінің 2-ші кезектегі құрылыс-монтаждау және «Жана Алматы» бағдарламасына сәйкес спорт секцияларын кеңейту жұмыстары жүргізілуде, оның басымдықтары Наурызбай, Алатау, Түркісіб және Жетісу аудандарының тұрғындары үшін спорттың қолжетімділігі болып табылады.

Жалпы биыл 10 спорт нысанының құрылысы жоспарлануда, оның алтауы жергілікті бюджет есебінен. Бұл 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы, оның ішінде қала шетінде Жетісу ауданының «Айнабұлақ-2» шағын

ДҮБІРА ДОДА

Нағыз талант тасада қалмайды



Ауылдық жерлерден жиналған талантты балалардың жас алмасу кезеңінде қиындыққа душар болатыны бар. Осы кезде шынайы спортшының бағыты қалыптасуы. Қаншама қиындықтарға шыдай алатын дара спортшы өзін әлемдік аренада көрсетіп үлгерері анық.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Жеңіл атлетика «Спорт падишасы» деп тегінен-тегі айтылмаса керек. Бұл спорт түрін жақсы меңгерген адам басқа да сайыста өз қабілетін көрсете алатыны дәлелденген. Бір қуанарлығы, елімізде Әмин Тұяқов пен Ғұсман Косанов сынды аты аңызға айналған спортшылардың ізін жалғастырып келе жатқан жастардың қарасы көбейіп келеді.

арасында биылғы жылдың алғашқы ірі жарысы өтті. Екі күнге созылған біріншілікке Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарынан, сондай-ақ Қарағанды, Нұр-Сұлтан қаласынан 175 спортшы қатысты. 2004-2005 және 2006-2007 жылғы жасөспірімдер жеңіл атлетиканың бес түрінен, яғни ядро лақтырудан, жүгіруден, эстафетадан, ұзындыққа секіруден және жеңіл атлетикалық жүрістен сынаға түскен болатын.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте 1-орынды 13 алтын, 8 күміс, 7 қола жүлдемен Қарағанды қаласы жеңіп алды. Екінші орынды — Нұр-Сұлтан қаласы. Елордалық жеңіл атлеттер енішінде 12 алтын, 11 күміс, 11 қола жүлде бер. Үздік үштікті 8 алтын, 14 күміс, 10 қола жүлдемен Солтүстік Қазақстан облысы қорытындылады.

Елордадағы жаңа жеңіл атлетикалық «Qazaqstan» кешенінде жасөспірімдер

«Қазақ газеттері» ЖШС және серіктестікке қарасты басшылардың жұмыстары белгілі ақын, жазушы-журналист Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

БАЛА – БАУЫР ЕТІН

Қор көмек қолын созып отыр

Қазақстанның Бала құқықтары туралы конвенциясына қысқа мерзімде ратификациялау фактісі елдің Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған қағидаттарды ұстануға ұмтылатынын білдіреді.

НҮРЛАН ҚҰМАР

ЮНИСЕФ-тің еліміздегі жұмысының перспективалық бағыттарын қарастыру отырып, Артур ван Дизен: «Біз Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның толыққанды мүшесі болуға және өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін дамыған инклюзивті қоғамы бар елге айналуын армандаймыз», — деп атап өткен болатын.

Еліміздегі бала құқығының мәселесі жөнінде Нұрсұлтан Назарбаев Қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӘӘСИ) аянында Сара Алыпқызының қайырымдылық және педагогика саласындағы қоғамдық бастамаларын талқылауға арналған онлайн-конференциясына талқыланған болатын. Шара барысында балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін жетілдіруді жағастыру қажеттілігіне аса назар аударды.

Алматы қаласындағы ӘӘСИ кеңсесінің басшысы Лидия Пархомиқ іс-шараның жүргізіп отырды. Ол өзінің кіріспе сөзінде Сара Назарбаеваның педагогикалық және гуманитарлық мұрасының маңыздылығын, сондай-ақ пандемиялық шынайылық жағдайында жас ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз ету және оның адамгершілік-рухани тәрбиесі мәселелерінің ерекше өзектілігін атап өтті. Онлайн-конференцияны ашқан қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі үкізі (2016-2018), Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV және VI шақырылымдарының депутаты Зағипа Балиева, С. Назарбаеваның жобалары қайырымдылық пен педагогика саласында эталоном айналғанын тілге тиек етті. Атап айтқанда, З. Балиева конференцияға қатысушылардың назарын



Қазақстан аумағындағы SOS балалар ауылдары жұбайсыз масштабтау қажеттілігіне аударды: «Бүгінгі таңда SOS балалар ауылдары 4 өңірде жұмыс істейді. Оның үстіне, біз мекеме тәжірибесін балалар үйлерін трансформациялау үшін де пайдалануымыз керек. Әр балаға отбасы керек, ал жобала қолданылатын тәсілдер қолдау тауып, құптауға керек».

Пікірталасты «Бөбек» ҰҒПББСОРМҚ бас директоры Елена Сакенова жалғастырды, ол Сара Назарбаеваның қайырымдылық мұрасына және оның педагогика саласына қосқан үлесін бағалады. «Бөбек» балалар қоры Президентінің әлеуметтік-педагогикалық қызметінің кең ауқымына жүріп өткен жолының шыңынан қарасақ, қоғамның салауатты жарқын күштерін жұмылдыра білген және әрқайсысы сүйсініштіл өрі жанышар қуат қайнарынан бастау алатын ізгілікті де жасампаз істердің үздіксіз жалғасын табуы рухымызды асқатқатады», — деп лебіз білдірді Е. Сакенова. Сара Назарбаеваның тұлғалық феноменін сипаттай отырып, спикер оның қоғамдық бастамаларының негізгі сәттерін атап өтті. Оның пікірінше, «Отбасилық балалар үйлері

мен «Жасөспірімдер үйлері туралы» заңның қабылдануы Қазақстанның қоғамдық өмірінің тарихындағы және Сара Алыпқызының тағдырындағы шешуші сәт болды, ол заң арқылы балалар проблемаларын шешу және балалық шақты әлеуметтік қолдауға мемлекеттің жауапкершілігі ресми түрде бекітілді.

«SOS Қазақстанның балалар ауылы» корпоративтік қорының ұлттық директоры Гүлжан Асанова балалардың, әсіресе жетім балалардың проблемаларын шешуге Сара Назарбаеваның қосқан үлесі туралы өз пікірін бөлісті. «Сара Алыпқызы SOS балалар ауылдарын үнемі қолдап жүреді, сыйлықтар жіберіп, балалармен тілдеседі. Өткен жылы карантин кезінде Сара Алыпқызы балалардың қажеттіліктеріне бірінші болып көмек қолын созды», — деді Г. Асанова. Спикердің айтуынша, Сара Назарбаеваның қолдауының арқасында балалар ауылдарында балалар мен қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасау үшін дәрі-дәрмектер, дезинфекция және қорғаныш құралдары жеткілікті болған. Оқушылар мен студенттер қашықтықтан оқу режиміне оңай көшті, себебі өкір отбасылық үйде ыңғайлы оқу үшін қосымша

ноутбуктер, мониторлар және басқа да жабдықтар орнатылған болатын.

Дөңгелек үстел соңында ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде республиканың елеулі ігерілерінен атап өтті және Сара Назарбаеваның өзіннің барлық қайырымдылық қызметін — әрбір баланың отбасында тұруға құқығы бар деген қағидатқа негізделген күш-жігеріне ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев Қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты (ӘӘСИ) 2003 жылы құрылды. Оның қызметі әлемдік экономика, халықаралық қатынастар, геосаясат мәселелері, Қазақстандағы әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық процестер аясында ғылыми зерттеулер жүргізумен, сондай-ақ ҚР Тұңғыш Президентінің саяси мұрасын зерттеумен байланысты.

ӘӘСИ өз қызметінде зерттеулердің тәуелсіз сипатын қоғамдық пікірталасқа белсенді қатысу және тағдау мен болжау саласында мемлекетті сараптамалық сүйемелдеуге жүйелі түрде атсалысу арқылы үйлестіреді.

ТУҒАН ЖЕР

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты — Атырау облысының Мағамбет ауданында және Атырау қаласының аумағында орналасқан. 2009 жылдың 1-сәуірінде Жайық өзенінің сағасы мен Каспий теңізі жағалауының аумағы талықаралық маңызы бар сұлы-батпақты жерлер қатарына енгізілді. Ол көлемі жағынан осы тізімге енген Теңіз-Қорағжын көлдер жүйесінен кейінгі екінші қазақстандық аймақ болды. 2014 жылғы резерват ЮНЕСКО-ның биосфералық резерваттарының Дүниежүзілік жүйесіне кірді.

«АҚЖАЙЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫ



Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

TENGE MONITOR

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРҚАЙЫЗЫ, Искан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР, Гүлмира МЕРАЛИНА

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері: Ақтөбе облысында: Жанғабұл Қабақбаев 8 771 769 63 222

АҚПАДАСТАР АЛҚАСЫ: АЛШАНОВ Рахман, ӘБДИМАННОВ Сарсенғали, БЕКБОЛАТҰЛЫ Желісай, ЕСПОЛОВ Тілектес, КАЛИЕВ Ғани

Тапсырыс: 1508. Таралымы: 5000. Газет атпасына 1 рет шығады. Газет «Дәуір» РІТБК ЖШС-да басылады.

МЕМН ЖАЙЫЛЫ: 050013, Алматы қаласы, Жолбарыс көшесі, 175, 4-қабат